

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Менің құқықтарым мен міндеттерім»,

«Жол ережесін білесің бе?», «Мектептің ішкі тәртіп ережелерін білеміз бе?»

2026 жылғы «21» қыркүйек күні білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау және мектептегі тәртіпті нығайту мақсатында мектебімізде кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор, полиция капитаны **Суиндикова Азия Ерулановнаның** қатысуымен оқушылармен профилактикалық кездесу өткізілді.

Кездесудің басты мақсаты – жасөспірімдерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу, құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтау қажеттілігін түсіндіру, сондай-ақ оқушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша білімдерін жетілдіру болды.

Кездесу барысында алғашқы «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбы кеңінен талқыланды. Инспектор оқушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтары мен міндеттері туралы түсінік берді. Оқушылардың білім алуға, қауіпсіз ортада өмір сүруге, өз пікірін білдіруге және заңмен қорғалатын басқа да құқықтары түсіндірілді. Сонымен қатар әрбір құқықтың белгілі бір міндеттермен қатар жүретіні айтылып, оқушыларды өз құқықтарын дұрыс пайдаланып, айналасындағы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге шақырды



Инспектор жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне де ерекше тоқталды. Қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау, мектеп тәртібін сақтау, жанжалдың алдын алу, өзге адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау қажеттігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға құқық бұзушылықтың салдары және кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі жөнінде жалпы ақпарат берілді.

Кездесудің келесі бағыты «Жол ережесін білесің бе?» тақырыбына арналды. Оқушыларға жол қозғалысы кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігі түсіндірілді. Жаяу жүргіншілердің жолдан өту тәртібі, бағдаршам белгілеріне

бағыну, жол бойында сақтық шараларын сақтау және көлік жүретін бөлікте абай болу мәселелері қозғалды. Әсіресе мектеп оқушыларының күнделікті жолда жүру кезінде қауіпсіздік талаптарын орындауының маңыздылығы атап өтілді.

Сонымен қатар оқушыларға жол ережелерін сақтамаудың адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін екендігі түсіндіріліп, жолда мүкіят әрі жауапты болуға шақырылды. Оқушылар өздерінің жол қауіпсіздігі бойынша білімдерін ортаға салып, инспектор тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Кездесу барысында оқушыларға жол қозғалысы ережелерін тек мектепте ғана емес, күнделікті өмірде де тұрақты сақтау қажеттігі ескертілді.



Кездесудің үшінші бөлімі **«Мектептің ішкі тәртіп ережелерін білеміз бе?»** тақырыбына арналды. Бұл бөлімде мектептегі білім алушылардың тәртібі, сабаққа уақытылы келу, сабаққа қатысу, мектеп формасын сақтау, мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерін құрметтеу, сыныпта және мектептің ортақ орындарында тәртіп сақтау мәселелері қарастырылды.

Оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау – білім беру үдерісінің қалыпты әрі қауіпсіз өтуінің маңызды шарты екендігі түсіндірілді. Мектеп мүлкіне ұқыпты қарау, өзгенің заттарына қол сұқпау, мектеп аумағында қауіпсіздік талаптарын сақтау, бір-біріне құрметпен қарау және мектептің абыройына нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болу қажеттігі айтылды.

Сондай-ақ оқушыларға сабақ барысында және үзіліс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, мұғалімдердің заңды талаптарын орындау, мектеп әкімшілігі белгілеген тәртіп нормаларын бұзбау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға тәртіпті сақтау тек мұғалімдердің талабы емес, әрбір білім алушының ортақ жауапкершілігі екендігі атап көрсетілді.

Кездесу барысында инспектор оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған түсіндірмелер берді. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, құқықтары мен міндеттері, жол қауіпсіздігі және мектептегі тәртіп талаптары бойынша пайдалы ақпарат алды.

Іс-шара соңында оқушыларға құқық бұзушылыққа жол бермеу, заң талаптарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін білу, жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау және мектептің ішкі тәртіп талаптарын орындау қажеттігі тағы бір мәрте ескертілді.

Кездесу мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Іс-шара барысында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды ақпараттар берілді.

Қорытынды:

Кездесу нәтижесінде білім алушылар өз құқықтары мен міндеттері, жол қозғалысы қауіпсіздігі және мектептің ішкі тәртіп ережелері туралы білімдерін толықтырды. Оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздік талаптарын сақтау және мектеп тәртібін орындау жөнінде нақты түсіндірмелер берілді. Мұндай профилактикалық кездесулерді жүйелі түрде өткізу оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және тәртіп бұзушылықтың алдын алуға ықпал етеді.

Жауапты ДТІЖО